

Ұлы Отан соғысының ардагері, белгілі жазушы Қалмұқан Исабай еді. Ардагердің 2005 жылы Италиядағы Қазақстан елшілігіне Югославия халық-азаттық армиясының «орыс батальонында» соғысқан 10 қазақ жауынгерінің жерленген жерін іздестіру туралы өтініші келіп түсті. Кейін анықталғанындай, 1944 жылдың басында Югославия халық-азаттық армиясының құрамында фашистік концлагерьден қашып шығып, партизандық қозғалысқа қатысқан жауынгерлерден батальон жасақталды. Осы батальонның командирі болып Қызыл Армияның бұрынғы сержанты 23 жастағы қазақ жігіті Бейсен Райсов тағайындалды. Оның басшылығындағы батальон жауынгерлері көптеген шайқастарға қатысып, талай ерлік көрсетті. 1945 жылдың сәуірінде Италияның солтүстігінде болған шайқаста Б.Райсов басқаратын 10 қазақ жауынгері ерлікпен қаза табады. Міне, осы жауынгерлердің және де Еуропаның басқа да мемлекеттеріндегі қарсыласу қозғалысына қатысып, ерлікпен қаза тапқан қазақ жауынгерлерінің есімдерін анықтап, ерліктерін зерттеу олардың рухына көрсетілген құрмет болар еді.

Соғыстың аяқталғанына 80 жыл болса да бұл соғыстың көлеңкелі яғни қайта қарауды қажет ететін жақтары әлі де баршылық. Атап айтар болсақ, олар - қоршауды бұзып шыға алмай Ресей, Украина, Белоруссия ормандарында қалған, неміс тұтқынында қаза болған жауынгерлердің есімдерін анықтау, Түркістан легионының және оның мүшелерінің қызметіне лайықты баға беру, соғыс жылдарында ерлігі белгілі-белгісіз себептерге байланысты бағаланбаған адамдарға тиісті атағын беру және т.б. Себебі бұл өлілер алдындағы парызымыз. Тарих бізден осыны талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Шоқай М. Таңдамалы.- Алматы: Қайнар. -Т. 2. -1998. -520 б.
2. Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт. – Алматы, 2001. – 369 б.
3. Вторая мировая война. Актуальные проблемы. - Москва, 1995. – 351 с.
4. Горбачев М.С. Уроки войны и победы // Известия 1990 г. 9 мая
5. Россия и СССР в войнах XX века. Потери вооруженных сил: Статистическое исследование. – Москва, 2001. – 409 с.
6. <https://old.elorda.info/kk/analytics/view/sogys-tytkyndaryn-kashan-aktaymyz>

ҚАЗАҚТЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАРЛЫҒАШЫ

Онғар Г.Ә., I курс студенті

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

Ғылыми жетекшісі – т.ғ.к., Абишева Ж.Р.

astanaastana08@mail.ru

XX ғасырдың алғашқы онжылдықтары қазақ халқы үшін ең бір ауыр кезеңдердің бірі болды. Бір жағынан патшалық Ресей, екінші жағынан кеңестік тоталитарлық жүйенің қитұрқы саясаты қазақ халқының күнделікті тұрмысы мен болмысына өшпестей із қалдырды. Сібірдің ұсақ халқы секілді құлдық психология мен рухани жағынан жұтаң, айтқанынан шықпайтын, айдағанына көнетін көнбіс халықты қалыптастыру мақсатында отарлаушы ел қолдағы ресурстың барлық мүмкіндігін пайдалануға тырысты. Алайда қазақ зиялылары немесе қазіргі тілмен айтқанда интеллектуалды әлеуеті өздерінің білімі мен біліктілігін ұлт үшін құрбан етуге дайын болды. Италияндық ойшыл Антонио Гармаши интеллигенттер «табиғатынан интеллигент» және «өз ортасы тудырған интеллигенттер» яғни жасанды түрде пайда болғандар деп бөледі. Осы тұрғыдан келгенде ғасырдың бас кезіндегі қазақ оқығандары табиғатынан интеллигент болып туылған, бүкіл саналы ғұмырын ұлттық идея үшін құрбан еткен зиялылардың алдыңғы қатарлы шоғыры болды. Әлбетте, тарих тұлғалардың қызметімен өрілетінін ескерсек, тарихтың қозғаушы күші тұлға мен көсем

екендігі айтпаса да түсінікті. Нағыз зиялы қиын жағдайда қалған халқына тығырықтан шығатын жолды көрсетіп, ұлт мүддесін алдыңғы орынға қойып, ұлттық идея төңірегінде қызмет жасайды. Интеллигентте ұлттық рух пен мінездің болуы басты шарт. Рух пен қайратты мінездің бірге ұштасуы тұлғаның қандай қиын жағдайда болмасын сынып кетпеуінің кепілі. Тарих талай зиялы тұлғалардың қасіретті тағдырының куәсі болды. Қаншама зиялылардың қызметіне әділ баға берілмей, ақиқаты мен ақтандақтары ашылмай тарихтың қойнауында қалды. Дегенмен де тәуелсіздіктен кейінгі жылдардағы рухани жаңғырудың аясында ұлттық мүдде мәселесі қайта қозғалып, Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мұстафа және т.б. тек зерттеу жұмыстары ғана емес, көркем және құжаттық (документалды) фильмдер түсіріле басталды. Бұл фильмдер жастардың дүниетанымының қалыптасуына үлкен әсер етіп, идеологиялық құрал екені ақиқат.

XX ғасырдың бас кезінде қазақ халқының тарихында ұлт мүддесі үшін қызмет еткен тек ер азаматтар ғана емес, сонымен қатар өз заманының озық ойлы білімімен сусындап, халқының рухани-мәдени дамуына елеулі үлес қосқан қазақ қыздарының үлкен шоғыры пайда болды. Олардың арасында шоқтығы биік, қазақ зиялылары арасында әйелдерден шыққан алғашқы педагог-ғалым, журналист-публицист, жазушы-аудармашы Нәзипа Құлжанова болды. Нәзипа Сегізбайқызы жастайынан оқу, білімге құштар болып, қайраткерлік қызметімен ерекшеленген «табиғатынан интеллигент» зиялылардың алдыңғы қатарында болды. XX ғасырдың 90-жылдарында мерзімді басылымдарда Нәзипа Құлжановаға қатысты бірқатар мақалалар мен зерттеулер жарияланды. Олардың ішінде әсіресе Р.Сыздықованың құрастыруымен 1993 жылы жарыққа шыққан «Халқыма деп іс қылдым» еңбегін атап өту керек. Автор Нәзипа Құлжанованың ғылыми мұралары мен естеліктерін жинастырып, қоғам, ел жағдайын танытарлыққанды деректерді ұсынған. Аталмыш еңбекте Нәзипа Сегізбайқызын тек журналист, педагог ретінде ғана емес, қоғамда орын алған өзекті мәселелерді көтеріп, одан шығар жолды көрсетуші қайраткер, өз заманының озық ойлы зиялысы болғандығын айғақтайды. Өзінің қысқа ғана ғұмырында халқына үлкен іс жасап, халқы үшін аянбай еңбек еткен, білімі мен қайратын елінің мұқтажын өтеуге арнаған кісілік келбеті айқындалған тұлға. Демек, Нәзипа Құлжанова секілді қазақтан шыққан алғашқы қарлығаштарды насихаттау, халқына қайта қауыштыру қазіргі қазақ қыздары үшін үлгі боларлық іс. Ал екінші жағынан қазақ елінің рухани жаңғыруының бұлағы қазақ қыздарының бірі ғана емес бірегейі болған Нәзипа секілді тұлғалардан бастау алатыны анық.

Нәзипа Құлжанова – 1887 жылы Торғай облысы Жанкелді ауданында дүниеге келген. Қостанайдағы қыздар гимназиясына түсіп, оны 1902 жылы үздік бітіреді. Сол жылы Торғайдағы қыздар училищесінде дәріс береді. Осында Құлжанов Нұрғалимен тұрмыс құрады. 1904 жылы Қостанай жақтан Семей өңіріне кетуге мәжбүр болды. Құлжановтардың қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлымен таныстығы сол жылдардан басталады.

Семей қаласына келіп, халық ағарту жұмыстарымен шұғылданған жылдарында арттарына өшпестей із қалдырды. Мысалы, күні кешегіге дейін бізге осы ұстаздардан қазақ жастары арасынан білім алған белгілі жазушы Сапарғали Бегалиннің есімі таныс болса, кейінгі жылдары заманымыздың мақтанышы, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың да тәлім-тәрбие алғаны мәлім болып отыр. Қ.И.Сәтбаев та Семейдегі «Учительская семинарияның» оқушысы болған. Ол білім алып қана қоймай, ұстаздары Нұрғали мен Нәзипаның Семей қаласында Абай мен Ыбырай шығармашылықтарына арнап ұйымдастырған тұңғыш әдеби-музыкалық кештеріне белсене қатысқан [1]. Сондай-ақ орыс азаматы, 1906-1908 оқу жылдарында ерлі-зайыпты Құлжановтардың тәрбиесін көрген, кейіннен ұзақ жылдар бойы Зайсанда халық ағарту ісімен шұғылданған Георгий Михайлович Хомутовты айтпағанның өзінде, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген дәрігері, Нарком Т.Жүргеновтың зайыбы Дәмеш Ермекованың да Семейдің «Женская прогимназиясында» білім алып жүрген жылдарында қаншама зиялы қазақ азаматтарының Құлжановтардан үлгі-өнеге алғандығы туралы баспасөз беттерінде жарияланған естеліктерінен білуге болады. М.Хакімжанованың «Жұлдыз» журналының 1984 жылғы №9 санында жарияланған «Естен

кетпес егіз бейне» дейтін мақаласында Құлжановтардың шәкірті болған жоғарыда аты аталған қарт мұғалім Г.М.Хомутов өз естелігінде былай дейді: «Мен 1906-1907 жылдары Семейдің мұғалімдер даярлайтын семинариясында оқып жүргенде Құлжановтан дәріс тыңдадым. Орыс тілін аса таза сөйлейтін оқымысты қазақ көргенім осы еді. Мен оның үйінде екі жыл пәтерде тұрғанда өз ұстазымның қаншалықты биік мәдениетті, прогресшіл адам екендігін тани түскендей болдым» [2]. Нұрғали Құлжанов пен Нәзипа Құлжановаларды білетін, олардан білім алған, көзін көрген қариялардың көпшілігі ұстаздарын осылайша еске алады.

Семейде Құлжановтар Абайдың туыс-жақындарымен, қаланың тұрғындарымен, қазақтың жас қыз-жігіттерімен, Зүфнун Нұрмақова, Сәбит Дөнентаев, Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов және т.б. араласып тұрған.

1914 жылы Н.Құлжанова Семейде Абайдың қайтыс болғанына он жыл толуына орай ұйымдастырылған кешке қатысып, екі тілде баяндама жасады. Баяндамада Нәзипа ең алғашқылардың бірі болып, Абай еңбектеріне қалам тартып, ғылыми талдама жасап, көпшіліктің қолдауына ие болды. Кеште Абай өлеңдері оқылып, Абай әндерінен концерт берілді. Кейіннен баяндаманы қазақ баспасөздері жария етіп, сол кездің әдебиетшіл қауымы қатты риза болған. Осы кештен кейін Нәзипаның беделі мен атақ-абыройы Ертістің Семей өңірінде асқақтай түседі. Кейінгі жылдарда да бірнеше рет әдеби кештер ұйымдастырып, мәдени-көпшілік шараларды өткізу дәстүрге айналды. Дегенмен де, Столыпінның 1910 жылғы «Бұратаналардың барлық мәдени-ағарту қоғамдарына тиым салынсын» [3] деген нұсқауы күшінде тұрған кезінде мәдени-сауық кештерін өткізу ерлікпен пара- пар іс еді.

Нәзипа өзі бас болып, Семей әскери генерал-губернаторынан екі айдай өтініп жүріп «Біржан-Сара» айтысын қоюға рұқсатты әзер алуы соның дәлелі. Біржан-Сара айтысы алғаш рет сахнаға бейімделіп көрсетіледі. Мұхтар Әуезов – Біржан, Тұрар Қозыбағарова – Сара рөлдерін орындаған.

Мұндай кештерді Нәзипа бастаған зиялы жастар Семей қаласында ғана емес, шалғайда жатқан қазақ ауылдарында да өткізіп, халық санасын оятуға игі ықпал жасаған, 1913 жылдың жазында Қарқаралы уезінде өткізілген осындай кешті тамашалап, қазақ халқының ән-күйі мен әуеніне риза болған атақты ғалым Г.Н.Потанин «Енді 50 жылдан кейін қазақтың әнші-күйшілерінің өнері әлем сахнасынан көрінетін болады» [4] деп тамсанған.

Тағы бір айта кетер жайт, жоғарыдағыдай сауық-кештерден түскен қаржыны Нәзипа толығымен Петерборда, Омбыда, Қазанда оқып жатқан қазақ студенттеріне жәрдемге аударды. Сонымен қатар Құлжановтар қазақтың қабілетті балаларын ел ішінен алдыртып, олардың оқуға орналасуына көмектесіп отырған. Тіпті көптеген балалар олардың үйінде жатып оқығаны да белгілі. Өзінің қарім-қабілетін елінің игілігіне бағыттай отырып, қараңғылық тұсауындағы халқын өнер-білімге, мәдениет жолына салуға біржола бет бұрды. Осы мақсатта ол сол жылдары шығып тұрған «Айқап», «Қазақ», Семейде шығып тұрған «Қазақ тілі», «Таң» сияқты басылымдарды ұйқыдағы халқын оятудың пәрменді құралы деп түсініп, аталмыш басылымдарда мақалалар жариялап тұрған. Сол жылдары «Айқап» журналының бетінде «Біздің қазақта ұлтқа қызмет еткен әйелдің алды осы Нәзипа ханым болып, шежіреге жазылса керек» - деген баға берілуі тегін емес. Осы бағаны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың мына бір өлең жолдары да жандандыра түседі [5]:

Ардақты, бар Нәзипа деген ханым,
Газет-журнал жүзінде жұртқа мәлім.
Оқыса сондай әйел оқысын деп,
Оқығандар бағалар сөздің мәнін.
Неше күн қыдырсаң да таба алмайсың,
Семейдің одан өтер адал жанын.

Нәзипа Құлжанова жан-жақты талант иесі болды. Ол ағартушылық қызметімен қоса қазақ халқының рухани мұрасы – ауыз әдебиеті мен музыкасынан да хабардар болған. Мысалы, 1919-1922 жылдарда қазақ жерінде болып, халықтың ән-күйін инастырып, оларды

нотаға түсірумен шұғылданған өнер зерттеушілері А.В.Затаевич пен А.Э.Бимбоэсқа кездескен Нәзипа өзінің орындауында көптеген халық әндерін нотаға түсірткен.

1919-1922 жылдары Ақмола қаласында тұрып еңбек еткен музыкант Альбин Эрнестович Бимбоэс халқымыздың 25 әнін баспасөз бетіне нотасымен жариялағаны белгілі. Солардың арасында ұлы Абайдың да екі әнін кездестіреміз. Олар – «Сегіз аяқ» пен «Татьянаның әні». Музыка зерттеушісінің жазбаларына қарағанда ол халқымыздың басқа әндерімен қоса Абайдың екі әнін Ақмола қаласында Н.Құлжановадан естіп, нотаға түсірген. 1922 жылы Петроградқа оралған Альбин Бимбоэс өзі жинап нотаға түсірген 25 әннің негізінде Ресей Ғылым академиясы жанындағы Радлов үйірмесінің кезекті мәжілісінде «Қырғыз-қайсақ музыкасы» деген тақырыпта дәріс оқиды. Кейіннен нотаға түсірген қазақ әндері автордың алғысөзімен «Музыкалық этнография» жинағына енгізіліп, «Қырғыздың 25 әні» деген тақырыппен басылып шығады [1, 69 б.].

Нәзипаның халқымыздың әдебиеті мен өнер мұрасына деген құштарлығы өмірінің саналы кезеңі өткен Семей қаласында қалыптасты. Семейде «Учительская семинарияда» ұстаздық ете жүріп, Орыс Географиялық қоғамы Семей бөлімшесінің мүшесі болу мүмкіндігіне дейін жеткен ол қаладағы көптеген көзі ашық білімді де зиялы қазақ және орыс азаматтарымен қарым-қатынаста болды. Кейін тіпті олардың біразымен достасып кетті. Мысалы, ақын Тайыр Жомартбаевты, журналист Мұстақым Малдыбаевты айтпағанда, сол жылдары Семейде ұлы Абайдың сенімді серіктерінің бірі – Базаралының немересі Тұрар Кенесарықызы Қозбағаровамен жақсы араласып тұрды. Абайдың өмір жолы мен шығармасын зерттеп жүрген Н.Құлжанова Тұрар құрбысының үйінде ақынның сүйікті әншісі Әлмағамбет Қапсәлемовпен танысады. Ал кейін 1914 жылы, Абайдың қайтыс болуының он жылдығына орай Семейде Нәзипа ұйымдастырған кеште Әлмағамбеттің Абайдың әндерін шырқауы, 1915 жылы Семейде алғаш рет өткізілген қазақша ойын-сауық кешінде Тұрардың ақын Сара болып сахнаға шығуы сенімді достықтың жемісі еді. Егер 1920 жылы Ақмола қаласында Нәзипа Абайдың екі әнін музыка зерттеушіге айтып беріп, нотаға түсірткізген болса, ол әндерді достары Әлмағамбет пен Тұрардан үйренген болып шығады.

Н.Құлжанованың есімі кеңес билігі орнаған алғашқы жылдары қазақ қыздарының арасынан суырылып шығып, елдегі саяси-ағарту жұмыстарына белсене араласқан Сара Есқызы, Алма Оразбаева, Нағима Арықова есімдерімен бір қатарда тұрды. Дәл осы кезеңнен бастап Н.Құлжанованың әдеби-журналистикалық бағыттағы қызметі басталады. 1922 жылы ҚазақАКСР Халық комиссарлары Кеңесінің төрағасы және «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы С.Сейфуллиннің арнайы шақыруымен аталмыш газеттің редакциясына қызметке орналасады. 1923-1925 жылдары «Қызыл Қазақстан» журналында жауапты хатшы, 1925-1929 жылдары «Әйел теңдігі» журналында бөлім меңгерушісі болып қызмет жасады [6]. Сонымен қатар елдегі болып жатқан қоғамдық-саяси өзгерістерге белсене араласып, «қазақ әйелі» мәселесіне қалам тартып, қазақ әйелінің өткен тарихына топырақ шашпай, оның қоғамдағы үлкен беделінің болғандығына назар аударды. Мысалы, «Қызыл Қазақстан» журналының 1922 жылғы №12 санында жарияланған «Октябрь төңкерісі және қазақ әйелі» атты мақаласында былай дейді: «Бұрынғы қазақ халқының ешкімге бағынбай, өз күнін өзі көріп, кең сахарада мал бағып, еркін жүрген заманында қазақтың әйелдері қайратты тіршілік күресінде ерлерге шын жолдас болған. Олар қиын-қыстау жерлерде ерлеріне ақыл беріп амал-айла табатын. Ел арасында шыққан үлкен дауларға билік айтқан әйелдер аз емес. Жиын тойда шаршы топқа шығып белгілі ақындармен айтысып, жеңіп жүрген әйелдер де бар. Мал өсіру шаруасының қандай ауыр екені қазақ баласына белгілі. Әсіресе бұрынғы заманда сол қиын шаруаның ыстық-суығына бірдей төзіп, сол заманның әйелі еркекпен қатар қол ұстасып қызмет еткен. «Алып – анадан, ат - биеден», - деген мақал осы сөздерді тірілтсе керек» [7]. Міне, осы үзіндінің өзінен-ақ Нәзипаның терең ойлы, байыпты да байсалды жан екенін аңғаруға болады.

Ф.И.Голощекиннің Қазақстанды басқарған жылдарында ұлт мұраты, ұлт мүддесі үшін қызмет жасаған білімді, оқыған азаматтарға қарсы террор Н.Құлжанованы да айналып өтпеді. 1929 жылы қызметінен себепсіз босатылып, мақалаларының баспадан шығуына тиым

салынды. Саналы ғұмырын еліне қызмет етуге арнап, бір мезетте қызметтен айырылып, шет қалу, ішкі күйзеліс пен сырқатқа ұрындырды. Сөйтіп, 1934 жылы қазақ қыздарының ішіндегі жарық жұлдыз, қазақ публицистикасының майталманы, педагог-ғалым Н.Құлжанова қайтыс болды.

Бір ғана мақалаға Н.Құлжанованың оқу-ағарту, мәдениет саласында жасаған қызметін сыйдыру мүмкін емес. Оның қызметі мен еңбегін ғылыми тұрғыда зерделеу кезек күттірмейтін абыройлы жұмыс. Демек, Н.Құлжанованың тағылымы - ұлтқа қызмет жасаудың жарқын үлгісі екендігі ақиқат.

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:

1. Имашев М. Нәзипа Құлжанова. Ақиқат. 1991 ж. №12. Б. 66.
2. Хакімжанова М. Естен кетпес егіз бейне. Жұлдыз. 1984 ж. №9. Б. 99-100.
3. Қазақ ССР тарихы, III том, Алматы, 1982 ж. – 440 б.
4. Сағыбаева З. Қайраткер қыз. Қазақстан мектебі. 1997 ж. № 3. Б. 66.
5. Сағыбаева З. «Ардақты, бар Нәзипа деген ханым...» Қазақ тілі мен әдебиеті. 1997 ж. №3-4. Б. 119.
6. Құлжанова Н. «Халқыма деп іс қылдым». А., «Рауан» 1993. 12- бет.
7. Ахметова Л. Қазақтың қайраткер қыздары. Қазақстан коммунисті. 1990 ж. №5. Б. 93-94.

Ә. БӨКЕЙХАННЫҢ XX Ғ. БАСЫНДАҒЫ БАСПАСӨЗ БЕТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТАРИХЫ МЕН ЭТНОГРАФИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ МҰРАЛАРЫ

Өскембаев Қ.С., ¹Қазахбаев А.Г. ²

1. Астана халықаралық университетінің профессоры, т.ғ.к.;
2. Астана халықаралық университеті. Тарих (ғылыми бағыт) 4 курс студенті
Қазақстан Республикасы, Астана қ.
k.uskembayev@gmail.com

Алаш қозғалысының жетекшісі Әлихан Бөкейхан тек саяси сахнада ғана емес, ғылыми ортада да өзінің айтарлықтай мұрасын қалдырды. Оның Қазақстан тарихына қосқан ғылыми үлесі – ғылыми жинақтарда шыққан жарияланымдары мен монографияларынан, мерзімді баспасөз бен журнал беттеріндегі мақалаларынан көрініс тапты. Ә. Бөкейханның тарих ғылымына назар аударып, оны зерттеуге құлшынысын тудырған басты себеп – Ресейдің отарлау саясатын әшкерелеп, қазақ жерінің Ресей бодандығына қабылдануының заңдық, саяси әрі тарихи тұрғыда бағасын беру болды. Ол бұл бағыттағы жарияланымдарын 1890 жылдары-ақ дереккөздер арқылы егжей-тегжей зерттей бастаған[1].

Ә.Бөкейханды қазақ хандығының тарихын зерттеген алғашқы қазақ ғалымдарының бірі деуге әбден болады. Ол тұңғыш ұлттық мемлекеттің құрылуынан бастап, даму кезеңдерін зерттеп, құлдырауының объективті және субъективті себептеріне тоқталған. Атап айтқанда Бөкейхан қазақ хандарының, сұлтандарының, ру старшындарының, билерінің Ресей империясының шенеуніктерімен алмасқан хат-хабарларын тауып, оның жинағын Орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімінің және Семей облысының ғылыми басылымдарында (Памятная книжка Семипалатинской области) мекемелер мен лауазымды тұлғалар туралы әртүрлі мәліметтерді, сондай-ақ Семей облысының күнтізбелік, анықтамалық, географиялық, статистикалық және басқа да деректерді жариялайды. Аталған жинақтар 1901-1905 жылдар арасында «Орта қырғыз ордасының ханы Бөкей мен оның ұрпақтарының хаттары»[2], «Қырғыз хандарының, сұлтандарының хат-хабарлары, т.б.»[3] және «Ұлы жүз сұлтаны Сүйік Абылайханұлының қағаздары»[4] атауларымен жарық көрді.

Бұл хат-хабарларды жариялау барысында Әлихан қазақ халқының ұлттық мемлекеттілігінен айырылу себебін Ресей империясының протекторатқа кіру шарттарын

бұзуынан ғана емес, сонымен қатар хандардың қатерге әкелген қателіктерінен болғандығын көрсетуі. Осы құжаттардың барлығын сыни және бейтарап талдау нәтижесінде Ә.Бөкейхан өте маңызды тарихи, саяси тұжырымдарға келеді. Ол, ең алдымен, бұрынғы хан-билеушілердің өз қол астындағы рулар мен жүздерді, тіпті, алпауыт, қауіпті жау – жоңғарларға қарсы біріктіруге дәрмені жетпегенін атап өтеді. Кейіннен сол уақыттағы қазақ хандары мен билеушілердің тарихи рөліне Ә.Бөкейхан: «Бұрынғының көбі күш-қуатты тиісті орнына жұмсамай, бірінің көзін бірі шұқудан уақыты артылмады, істегенінің бәрі жәбір, залым болды, қылғанының бәрі зорлық-зомбылық еді» [5] – деп баға береді. Сондықтан да, олардың ұрпағы ретінде намысшыл, еркіндік сүйгіш көшпелі халықтың ешбір күрес нышаны жоқ құлдыққа түскені үшін өзін терең кінәлі сезінді. Ал «Хан ұрпақтары қазақ алдында мәңгілік қарыздар, тірі болсам қазаққа қызмет етуді тоқтатпаймын» деген сөзін Алашорда үкіметінің жетекшісі өз жауапкершілігін толық сезіне отырып айтқандығын аңғарамыз.

Ә.Бөкейханның Омбы, кейіннен Петербургта білім алуы Г.Н. Потанин, В.В.Бартольд, Ф.А.Щербина, С.П.Швецов сияқты бірқатар еуропалық зиялы қауым өкілдерімен байланысуына мүмкіндік туғызды. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Далаөлкесінде өткен бірқатар экспедицияларға Ә.Бөкейханның қатысуы – қазақ этнографиясы мен этнологиясына өзіндік үлес қосты. 1894 жылдан басталған «Половцев», «Швецов», «Щербина» экспедициялары нәтижесінде қазақ өлкесіндегі бірқатар облыстарынан этнографиялық материалдар жиналды. Ә.Бөкейхан Қазақстанның экономикасын, этнографиясын, мәдениетін жоспарлы зерделеудің негізін қалады, материалдар жинақтады, ең бастысы - табиғи-тарихи аудандастыруды қалыптастыру туралы түсінікке ие болды. Семей облысының Павлодар, Семей, Қараралы уездерінің және Ақмола облысының Омбы уезінің «табиғи-тарихи аудандарын» айқындап, нақтылады. Әлихан экспедицияға алғашында статист маманы ретінде шақырылып, кейіннен экспедицияның жеке зерттеу тобын басқару міндетін атқарады. 1903 жылы экспедиция мүшелерімен бірге Семей облысының Павлодар уезінде болып, тұрғын үйлер, мал қоралары, халық саны мен мал басына қатысты санақ жүргізеді. Жинақталған материалдар негізінде арнайы томдарды әзірлеуге қатысып, ғылыми сипаттамалар дайындайды және зерттеу мақалаларын жазады. Семей облысының Павлодар уезі мен оған қарасты Алтыбай және Қызылтау болыстарына байланысты материалдарды талдай отырып, сол аймақтағы халықтың тарихына, рулардың қоныстанған жерлеріне және олардың ерекшеліктеріне тоқталады. Павлодар уезіне арналған жалпы шолуда тек жер аумағы ғана емес, сонымен қатар халықтың қоныстану тарихын, белгілі тарихи тұлғалар, жер атаулары және уезд аумағында өмір сүрген Керей, Уак, Қарауыл, Қанжығалы және басқа да рулардың шығу тарихын баяндайды. «Алтыбай болысы» атты жазбасында ол болыстықтың қыстау, көктеу, жайлау мен күзеуге орналасу тәртібін, мал азығы мен күтімін, мал шаруашылығына кететін шығындарды жан-жақты ғылыми түрде сипаттайды [6, 128-130]. Ал «Қызылтау болысына» арналған мақаласында осы болыстықтағы рулардың орналасуы, тұрмыс-тіршілігі, мал шаруашылығы, егіншілік және өзге де кәсіп түрлерімен айналысу мәселелерін талдайды [6, 131-136]. Мұндай зерттеу жұмыстары Дала өлкесінде алғаш рет жүргізілді. Әлихан Нұрмұхамедұлы жоғарыда аталған аудандарда жинақталған материалдарға сүйене отырып, қазақ халқының жер қауымдастығы тарихын зерттеді. Ол алғашқылардың бірі болып жүздер мен рулардың құрылымын, орналасуын, климаттық жағдайға байланысты мал шаруашылығының дамуын терең зерттеп, арнайы кестелерін жасады [6, 33].

Половцев экспедициясынан кейін Ә.Бөкейхан көрнекті ғалымдардың ықпалымен 1896 жылы Орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімінің толық мүшесі болып сайланады. Осы тұста 1903 жылы Орыс географиялық қоғамының «Біздің Отанымыздың толық географиялық сипаттамасы» атты Ресей империясы аймақтарының географиясы мен басқа да ерекшеліктеріне арналған көп томдық басылымның қырғыз (қазақ) өлкесіне арналған 18-томын әзірлеуге атсалысады. Сондай-ақ бұл томның қазақ халқының тарихына қатысты 4 тарауын Орыс географиялық қоғамының мүшелері А.Н.Сидельников және С.Д.Чадовпен бірге жазып шығады. Бұл еңбек – «Қырғыз өлкесінің тарихи тағдыры және